


Жылдық жоспар бойынша, тәрбиенің бағыты бойынша жұмыстар жүргізіп жатырмын. Жылдық жоспарым оқу жылының басында жасалып, бекітілген.

Тәрбие ісінің меңгерушісімен, мектеп тәлімгерімен, психологпен, әлеуметтік педагогпен бірлесіп жүргізген жұмыстарым да бар. Жоспар бойынша жүргізілген жұмыстарға тоқтала кетейін.

1.1-қыркүйек «Білім күні» «Саналы ұрпақ – Жарқын болашақ» атты салтанатты жиын Ақжар ауылындағы №28 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебінің ұстаздар қауымы, ата-аналар, оқушылар айрықша қуанышты көңіл күймен атап өтті. Сарыағаш аудандық «Нұр Отан» партиясы тексеру комиссиясының төраға орынбасары арнайы келіп, жиналғандарды білім күні, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Ақжар ауылы әкімі Кайпжанов К. мырза да өз тілегін білдірді. Мектебіміздің директоры сөз алып, оқушыларды, ұстаздарды білім күнімен құттықтады. Зейнеткер ұстаз Махмудов Жаңатай ағайда өз құттықтауын білдірді. Жиын соңында 11 сыныптың үздік оқушысы Жаңабаев Мұхан мен 1 сыныпқа қабылданған жас бүлдіршіндеріміз Асан Жанар алғашқы қоңырауды сыңғырлата соғып, оқушыларға мектеп есігін ашты. Барлық сынып сағына күткен парталарына отырды. Мемлекеттік туымыз салтанатты түрде кіргізіліп, шығарылды. Барлық сыныптарда «Саналы ұрпақ – Жарқын болашақ» атты алғашқы ашық тәрбие сағаты өтілкізілді.

«Нұр Отан» партиясы тексеру комиссиясының төраға орынбасары А.Жұмасайдың «1-қыркүйек Білім күні» мерекемен құттықтауы.



Алғашқы қоңыраудың соғылу сәті.



1 сынып оқушылары мектеп табалдырығын аттады.

2. Қыркүйек айының басында әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларды мектепке тарту мақсатында «мектепке барар жол» акциясы ұйымдастырылды.

Мектебімізде бірқатар мұғалімдер, ата-аналар әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларға демеушілік жасады.

3.Қыркүйек айының 3 аптасында «Салауатты өмір салты» «Біздің денсаулығымыз өз қолымызда» тақырыбында өткізілген «Денсаулық фестивалі-2019» ұйымдастырылды, жоспары түзіліп өз дәрежесінде өткізілді.



3-11 сыныптармен бір орында гимнастикалық жаттығулар жасалды және 3-6 сыныптармен «көңілді старт» эстафеталық сайыс ұйымдастырылып өз дәрежесінде өтті.



4.22-қыркүйек тіл мерекесіне орай «Ана тілім – шежірем» атты арнайы іс-шара ұйымдастырылды. Әсем безендірілген акт залында оқушыларымыздың жатқа оқыған өлеңдері мен әуелете салған әндері тамаша үйлесім тапты. Ақын жазушыларымыздың тіл туралы қанатты сөздері оқылды. Іс-шара сайыс түрінде өтті. Сайыс 5 кезеңнен тұрды. 1.Таныстыру. 2.Бәйге(сұрақ- жауап) 3. «Кім зерек». 4. «Мақал -мәтелдер». 5. «Сөз тапқанға қолқа жоқ». Оқушылар өз ойларын еркін айтып, білімдерін көрсете білді. Смайл Дінмұхаммед мен Жақсылық Лейла «Ана тілім» әнімен кешті аяқтады.



«Туған жер» әнін орындады.



Тіл туралы өлең шумақтары орындады.

5.Қыркүйек айының 4 аптасында «Мен және жанұям» атты ата-ана мен оқушылар арасында ашық дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстел 5 бөлімнен тұрды. 1.Топқа бөлу. 2.Тірек нұсқамен жұмыс. 3.Топтастыру. 4.Мақал-мәтел орталығы. 5.Ой толғау орталығы. ДТЖО: Сейдалиева Н «Отбасы» туралы баяндама оқыды. Рысбай Еңліктің орындауында «Ана» әні өте керемет шырқалды. Топ «Ұландар» «Ардақтылар» болып екіге бөлінді. Дөңгелек үстел соңынан ата-аналар

«Сізге мың алғыс», «Ой бөліскеніңіз үшін рахмет», «Қызметіңізге рахмет», «Сыйлағаныңызға рахмет» атты грамоталармен марапатталды. Ата-аналар мен оқушылар бұл дебаттан көп әсер алғандарын жеткізді.



Ата-аналар мен оқушылардың сұрақтарға жауап беру сәті.



Ата-аналар түрлі наминациялар бойынша марапатталды.

6.Қыркүйек айының соңында Абылай ханның туғанына 306 жыл толуына орай және 27 қыркүйек «Мектеп күніне» орай өткізілетін жиын ұйымдастырылды. Оқушылар Абылай хан бейнесін мүсіндеді және ол жөнінде көріністер көрсетіп, Абылай хан өмірінен сыр шертті. Әр сынып жеке-жеке бір қойылымнан орындап шықты. Іс-шара көптің көңілінен шыға білді.

7. 1 қазан – Қарттар күніне орай «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты баяндама, линейкада, яғни үлкен үзіліс кезінде оқушылар назарына ұсынылды. Бұл мереке барлық әлемде аталып өтетіні туралы айтылды.



8. 5 қазан – Халықаралық ұстаздар мерекесіне орай оқушылар «Өзін-өзі басқару» мақсатында бір күндік күнделікті сабақ жоспарын жазып, ұстаздардың орнына өздерін қойып көрді. Ұстаздардың қызметінің қаншалықты ауыр екеніне көздерін жеткізіп, мың да бір алғыстарын білдірді. Мектепке құрметті демалысында отырған зейнеткер ұстаздары арнайы шақырылды. «Ұстаз болу жүректің батырлығы» атты мектепшілік концерттік бағдарлама өткізілді. Іс-шара жоғары дәрежеде өтілді. Оқушылар ұстаздар қауымына өз ақ тілектерін білдірді. Ұстаздарға арнап оқушылардың жүректі жарып шыққан өлең жолдары оқылды. «Ұстазым» әні оқушылардың орындауында хормен орындалды. Мектебіміздің ағылшын пәні мұғалімдері Кайыпжанова Айгерім мен Мархабаева Нұрсұлудың орындауында «Ардақты ұстазым» әні көпшілікке тарту етілді. «Спорт бий» 4-сынып оқушыларының орындауында тамаша биленді. Кеш барысында оқушылар арасында «Букет жасау» ойыны ұйымдастырылды. Жоғары сынып оқушыларымыздың тамаша биімен кешіміз қорытындыланды.



9. «Өнерлі ұстаз-2019» байқауы өткізілді.

10. Қараша айының 2 аптасында 5-11 сыныптар арасында «Ата-ана беделінің бала тәрбиесінде алатын орны» атты баяндама оқылды.

11. 19 қараша Халықаралық темекіге қарсы күрес күніне орай «Темекіні қолдану – қараңғылыққа бастар жол!» атты пікірталас, «Темекі шегуге жол бермейміз» тақырыбында оқушыларға қабырға газеттерін шығару ұйымдастырылды. 9-11 сыныптар аралығында «Арак, шылым, насыбайдың зияны» тақырыбында үлкен үзіліс кезінде баяндама оқылды.

12. Қараша айының соңында 3-11 сыныптар аралығында «Алтын күз» мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. 16-23 қараша аралығын қамтыды. Күз мерекесіне орай әр сыныптың қабырға газеттері шығарылды. Іс-шара жәрмеңке түрінде өткізілді. Экологияны таза ұстау мақсатында әр сынып оқушылары түрлі табиғат қалдықтарынан әр түрлі үлгідегі киім үлгісін көрсетті. «Алтын Күз» ортаға шақырылып, өз ойын, тілегін білдірді. Осыдан кейін әр сыныптың «Экибано» өнерлері таныстырылды. Оқушылардың әдеби монтажы оқылды. Әр сыныптың әсем билері биленді. Күз мерекесімен құттықтау үшін сөз мектеп директоры Ж.Еспенбетов пен ДТЖО: Н.Арыслановқа берілді.



8 сынып оқушылары Алтын күз мерекесіндегі «Көрініс» көрсетуде.



«Жемістер айтысы» көрінісі.

13. Қараша айының 4 аптасында оқушылардың тазалығы жөнінен жалпы мектепшілік бақылау жүргізілді. Тексеруге мектеп медбикесі, тәлімгер, ұйымдастырушы педагог, әлеуметтік педагогтар қатысты. Барлық сыныптардың тазалығы жақсы, талапқа сай, кабинет тазалықтарында олқылықтар байқалып тұрды, бастауыш сынып оқушыларының мектеп формалары талапқа сай, жоғары сынып оқушыларының мектеп формалары талапқа сай келе қоймайды. тырнақтары таза, Барлық сыныпқа анықтама жазылды.

14. 1 желтоқсан – Президент күні болып белгіленуіне байланысты мектепшілік іс-шара ұйымдастырылды. Тақырыбы: «Елбасы бастаған – даңқты Қазақстан» деп аталды. 8-сынып оқушысы Кемелбек Досымжан «Менің қазақстаным» атты әнді орындады. 4-сынып оқушыларының орындауында «өзбек» биі тамаша биленді. 4-сынып оқушылары «Үшқоңыр» әнін орындады. 6-сынып оқушылары орындаған «өз елім» әні көрермен көңілінен шықты. Оқушылар Президентке арнаған әдеби монтаждарында өлең жолдарын нақышына келтіріп орындады. Мектеп кітапханашысы Д. Қалдыбекова «Менің Президентім» атты кітаптар көрмесін ұйымдастырды. Кеш өз дәрежесінде өтілді.



8-сынып оқушысы Кемелбек Досымжан «Менің қазақстаным» атты әнді орындады



3 сынып оқушылары Президенттің «Менің қызметі жайында» «Жылдар шеруін» жасады.



15. 1 желтоқсан – СПИД-пен күрес күніне орай жоғары сыныптарға «СПИД – ғалам қасіреті» атты баяндама оқылды. «СПИД – қауіпті дерт» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды.



16. Желтоқсан айының 2 аптасында мектеп тәлімгерінің жетекшілігімен өткен «Жас ұлан» «Жас қыран» ұйымының «Жас ұлан» «Жас қыран» болашаққа нық қадам» атты оқушылар арасындағы дөңгелек үстелде «Жас ұлан» «Жас қыран» жарқын болашағымыздың кепілі» атты баяндама оқылды. «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты қабылдау жиынын ұйымдастырылды.



«Жас Қырандықтар»
Дөңгелек үстелден кейін.



11 сынып оқушысының
Жас Ұлан, Жас Қырандықтарға
баяндама оқу сәті.



«Жас Ұлан» «Жас Қыран» ұйымына
қабылдау, ұйым ережесімен таныстыру.



«Жас Ұлан» «Жас Қыран» ұйымының
Әнұранының орындалу сәті.

17. 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Оқушылар тәуелсіздік күніне арнаған өлең жолдарын тебірене орындады. «Тәуке ханның жеті жарғысы» көрінісін жоғарғы сынып оқушылары жақсы орындады. Желтоқсан оқиғасына байланысты «Әже мен бала» көрінісін орындап шықты. Тәуелсіздік алғаннан бергі жеткен жетістіктеріміз жөнінде «Жылдар шеруі» сыр шертті, ұлттық киім киген оқушыларымыз осы шеруге қатысып, хормен «Жаса Қазақстан» әнін орындап, кешті қорытындылады.



18. 27-28 желтоқсан аралығында 1-11 сыныптарда Жаңа жыл мерекесі, яғни «Жасыл шырша жанында» атты мерекелік қойылым ұйымдастырылды. Мектептің жас мамандары өз өнерлерін ортаға салды. Мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Киркимов Жандос «Аяз ата» Бегалиев Тұрдалы «Алдар көсе», 11 сыныпоқушылары «Мыстан», Әлеуметтік педагог Абишов Анвар жүргізуші т.б жас мамандарымыз әр түрлі кейіпкер рөлдерін жақсы орындап шықты. Оқушылар мерекелік көңіл күймен қысқы демалысқа шықты. Жалпы мектебіміздің ұжымы жаңа жылды ерекше көңіл күймен қарсы алды деуге болады.



«Алдар көсе мен мыстан кемпір»



6 сынып оқушылары өнерлерін көрсетуде



Әр сыныптан құралған кішкентай Аяз аталар.



Аяз ата мен Ақшақар кейіпкер оқушыларымен бірге.

19. «Біз қалай сөйлейміз» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

20. Әр аптада өткізілетін оқушылардың, яғни сынып аралық кезекшілік ұйымдастырылды. I-ауысымда және II-ауысымда кезекшілік өз дәрежесінде өтіліп отырды.

21. Ақпан айының басын №28 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебінде 3-4,5-7 сыныптар арасында «Тазша бала» байқауы ұйымдастырылды. Жас өрендер қырық өтірік айтудан, тапқырлық пен шешендік өнерін көрсетуден сайысқа түсті. Бұл жұмыс тәлімгермен бірлесе отырып жүргізілді. Сайыс соңында мақтау қағазымен марапатталды.

22. Шынайы поэзия өкілі, ғажайып ақындардың бірі М.Мақатаевтың 9-ақпан туылған күніне орай «Мәңгі өлмейтін артына із қалдырған» атты іс-шара ұйымдастырылды. Кеште оқушылар ақынның өмірінен, күнделігінен, әр түрлі тақырыптағы өнегелі өлеңдерінен үзінділер оқылды. М.Мақатаев қаламынан туған өлеңдерін оқушыларымыз жатқа оқыды.

М.Мақатаевтың 100-ге тарта әндері бар екендігі айтылып, оқушыларымыз білмейтін тың мәселелер айтылып, интербелсенді тақтадан көрсетіліп, түсіндірілді. М.Мақатаевтың «Құмған алған», «Мектебім», «Күрең күз» әндерін оқушыларымыз хормен орындап шықты. Жақсы оқыған оқушыларымыз «мақтау қағазымен» марапатталды. М.Мақатаевтың мұрағаттан алынған өз дауысымен оқыған өлеңдері оқушылар назарына ұсынылды.



23. Ана алдында құрмет 8-наурыз мерекесіне байланысты іс-шара болып өтілді. Оқушылар өз аналарына құрмет көрсетті. Аналар мерекесі жайлы оқушылар ақын-жазушыларымыздың өлеңдерін нақышына келтіріп орындады.

26. Наурыз айының 20-жұлдызында мектебімізде 1-11 сыныптар арасында «Наурыз-думан» атты мерекелік іс-шара өтілді. Қазақтың салт-дәстүрін жаңғырта отырып, ата-баба салтын сақтау, құрметтеуге тәрбиелеу. Халқымыздың ұлттық мәдениетін дамыту мақсатында ұйымдастырылған іс-шара өз дәрежесінде атап өтілді. Мерекені бастау үшін сөз мектеп директоры Ж. Еспенбетовқа және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Сейдалиева берілді.

Сахнаға 2 жүргізуші шығып, наурыз мерекесі жайында түсініктемелер берді. Арнайы киінген күн мен түн наурызға арнап тілектерін айтты. Наурыз мерекесі жайлы оқушылар ақын-жазушыларымыздың өлеңдерін нақышына келтіріп орындады. Әр сынып дәстүрлі мерекеміздің символына айналған «наурыз көже» пісіріп, бір-бірін құрметпен дәм татқызды.



27. Сәуір айында қыздар ұйымының төрайымы Әлиева Мадинаның ұйымдастыруымен, «Қыздарға қырық үйден тыйым» атты қыздар жиналысы өтті. Оған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Сейдалиева, психолог, тәлімгер және ұйымдастырушы педагог қатысты. Онда мен «Сыры көп айтары аз қызбаланың» атты баяндама оқыдым.

29. Апта сайын жүргізілетін оқушылардың сынып аралық кезекшілігі жүргізіліп отырды. Әр сынып аптасына қорытынды шығарып, жазбаша есеп беріп отырды. Кезекшілік өз дәрежесінде өткізілді.

28. Сәуір айының 3-онкүндігінде эстетикалық пәндер апталығында, 5-6-сыныптар аралығында сыныптан тыс «Әнші балапан» байқауы ұйымдастырылды. 3-турдан тұрды. Байқауда бас жүлдені Жорабай Нұрила иеленді. Екінші орынды би номинациясы бойынша 5-сынып оқушылары «Қызғалдақтар» тобы жеңіп алды. Үшінші орынды хормен ән айту номинациясы бойынша 6-сынып оқушылары «Егемен ел» әнін орындап, жеңіске жетті. Іс-шараға мектеп директоры мен ДТДЖО: Н.Сейдалиева қатысып оқушыларымызға сәттілік тіледі.

29. Барлық мектептердегідей мектебімізде 17-Сәуір күні жас ұстаздар арасында Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.Доланбаеваның ұйымдастыруымен мектепшілік «Жыл мұғалімі-2020» байқауы өтті. Байқауға қатысып, «Жаңашыл ұстаз» номинациясын иелендім.



30. Сәуір айында мектебімізде «Жігіт сұлтаны-2020» байқауы ұйымдастырылды. Жігіттер 6 кезең бойынша өз бақтарын сынады, әр сыныптан екі оқушыдан қатысты. Жеңіске Мұратбек Фараби жетті.



31. Мамыр айының 9-жұлдызында жеңіс күніне орай «Жеңістің өшпес алауы» атты жалпы мерекелік іс-шара өткізілді. Оқушыларға бейбіт күннің соғысқа қатысқан аталарымыздың арқасында келгенін, олардың аруағына тағзым ету керектігін ұғындыру мақсатында ұйымдастырылған бұл іс-

шараға соғыс ардагерлерінің зайыптары, ауыл ақсақалдары, т.б. қонақтар шақырылды. Ардагерлер зайыптарына мектеп атынан сыйлықтар тапсырылды, сөз берілді. Мереке 1-минут үнсіздікпен басталды. Аналарымызға арнап, «Ана туралы баллада» әнін Қожағұлова Назерке орындап берді. «Соғыстың басталуы» туралы көрініс көрсетілді. Соғыс қасіреті жайында, соғыс тақырыбындағы өлеңдерді оқушыларымыз жатқа оқыды. Жүргізушілер соғыс тарихынан үзінділер оқып, Келешек ұрпаққа олардың есімдерімен таныстырып, оқып өтті. Көпшілікке «Жеңіс» әнін Сембекова Құралай нақышына келтіре орындады. 7-сынып оқушылары «Валенкий» орыс биін көрермен назарына ұсынды. Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының орыс командирімен болған оқиғасы көрініс ретінде көпшілік назарына ұсынылды. «Соғыстың басталуы» атты көрініс көрермен көңілінен шықты. Соңында бейбітшілік жасасын деген ұранмен барлық іс-шараға қатысушылар «Қазақ елі» әнін хормен орындады. Көпшілік жақсы көңіл-күймен үйлеріне тарасты.



32. Оқушыларымыздың жыл бойы білім нәрімен сусындап, алтын ұя мектептерімен қоштасып, жазғы демалысқа шығатын уақыт та келіп жетті. Мектебімізде «Сыңғырла соңғы қоңырау-2020!» атты соңғы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді. Жас түлектеріміз 11 жыл бойы білім алған мектептерімен тебірене қоштасты. Ардагер ұстаз Оспанова Бұйраш, ауыл әкімі Біржан Әлімбаев қонаққа келді. Мектеп бітіргеніне 20 жыл толып отырған түлектер келіп, ұстаздарға деген ыстық ықыластарын білдірді. Оқу жылын сәтті аяқтайық!

Салтанатты жиын ту көтеру рәсімінен басталды. Жас түлектердің келесі ізбасарларына ту тапсыру рәсімі өткізілді. **Ту тапсырған:** Төлеген Әзизхан, Бейсембек назерке, Бейсембек Сымбат. **Ту қабылдаған:** Баянбай Нұрсұлтан, Амангелді Салтанат, Дүйсембек Наркыз. **Қоңырау соғу:** Жас түлек Төлеген Әзизхан 1-сынып оқушылары Божак Айбек пен Аманбала Гүлдария. Сөз соңында үздік оқушыларымыз бен ұстаздарымыздың марапатталу рәсіміне кезек берілді. Мектеп директоры келген қонақтарға жылы лебізін білдіріп, жиынды қорытындылады.





33. Дүниежүзілік 1 маусым балаларды қорғау күніне орай мектебімізде «Біз бақытты балдырған» атты мектепшілік іс-шара ұйымдастырылды. Мектеп директоры сөз алып, оқушыларымызды мерекелерімен құттықтады. Жас бүлдіршіндер мереке құрметіне ән шырқап, би билеп, өз өнерлерін ортаға салды. Аманжол Ғаният «Гүлдейсің» әнін, Нұрдәулет «Қазақ жігіттері» әнін, Әшімхан Салтанат «үнді биін» тамаша билеп шықты. Асфальтқа сурет салудан жарыс ұйымдастырылып, сурет салған оқушылардың барлығына сыйлықтар таратылды. Түрлі ойындар ойнатылды. «Қай мультфильм» ойынында мультфильм әуені жасырылды, оқушылар оны тауып, сыйлыққа ие болды. Соңынан бүлдіршіндерге мұғалімдер тарапынан тегін балмұздақ таратылды. Мектеп әкімшілігі тарапынан «Қайырымдылық акциясы» жүргізілді. ДОГЖО: Доланбаева сөз алып, оқушыларға өз тілегін білдірді. Іс-шараны ДТІЖО: Н.Сейдалиева бүлдіршіндерге тілегін айтып, қорытындылады.

